



Т

Ұлт болашағы өз қолымызда!

12+

Талдықорған

Газет 1992 жылдың
2-наурызынан шыға бастады



www.taldykorgan-online.kz

e-mail: taldyk@bk.ru



@Taldykorganpress

№32 (1874) Жұма, 15-тамыз 2025 жыл, Республикалық қоғамдық-саяси газеті

САЯСАТ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАУІПСІЗДІК КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫН ӨТКІЗДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің отырысы өтті. Жиында нашақорлық күрделі әлеуметтік және құқықтық құбылыс ретінде қарастырылып, наркотизмге қарсы іс-қимыл мәселелері талқыланды.

Кеңесте Ішкі істер министрі Ержан Сәденовтің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Ермек Сағымбаевтың, Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарованың және Қаржылық мониторинг агенттігінің төрағасы Жанат Элимановтың баяндамалары тыңдалды.

Мемлекет басшысының айтуынша, бұл әлеуметтік кеселдің белең алуына қатысты ахуал елімізде де, халықаралық ауқымда да алаңдатарлық жағдайға жетті.

— Наркотизм — заманның дерті, қоғам үшін аса қауіпті. Ол жастардың болашағына балта шабады.

Ұлт саулығына қатер төндіреді. Нашақорлық пен есірткі бизнесіндегі әлемдік үрдіс алаңдатарлық сипатқа ие болды. Көптеген елдің үкіметтері аталған проблеманы физикалық және психикалық тәуелділік ғана емес, ауқымды қоғамдық, экономикалық және құқықтық құбылыс ретінде қарастыра бастады. Наркотизм термині мұндай тәсілдің мән-мағынасын ашады, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сарапшылар мен ғалымдар наркотизм ұғымының нашақорлықтан әлдеқайда кең екенін, әлеуметтік, экономикалық және құқықтық проблемалармен, соның ішінде ұлттық қауіпсіздік мәселесімен ұштасып жатқанын айтады.

Президент есірткіге тәуелділер емдеу-сауықтыру шараларымен жеткілікті деңгейде қамтылмай отырғанына назар аударып, мәселені шешу қажет екенін мәлімдеді.

— Есірткіге тәуелді жандардың көпшілігі мен олардың жақындары жариялылықтан және жұртшылықтың талқылауынан



қауіптеніп, проблемасын жасырады, — деді Мемлекет басшысы.

Бұл ретте мемлекеттік саясаттың нашақорларға кеңшілік танытып, ал есірткі саудасына келгенде қатаң және мүлде төзбеушілік ұстанымда болуға тиіс екені айтылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев аталған індетке қатысты статистикалық мәліметтерді жинау мен өңдеу бағытындағы ақпараттық-сараптамалық жұмысты жетілдіру, сондай-ақ химиялық заттардың таралуын қадағалау мәселелерін тағы бір маңызды міндет деп санайды.

Президент нашақорлықтың алдын алу шараларын күшейтуді, әсіресе, білім беру мен ақпарат саласында кеңінен жұмыс жүргізуді тапсырды.

Мемлекет басшысының пікірінше, жастар арасында есірткінің насихатталуына жол беруге болмайды. Бұл ретте

ол интернетте және медиа индустрияда тыйым салынған заттар мен ішімдік ішуді дәріптейтін жағымсыз үрдіс белең алғанына тоқталды.

Жиында есірткімен байланысты құқық бұзушылықты анықтау, жолын кесу мен жазалаудың тиімділігін арттыруға қатысты кешенді мәселелерге ерекше мән берілді.

— Кез келген есірткі түрінің өндірісі мен сатылымына қатаң тыйым салынып, мемлекеттің жіті бақылауында болуы керек, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы іс-қимылды, сондай-ақ есірткі сататын орындар мен зертханалардың иелерін әшкерелеу жұмыстарын күшейту қажеттігін айтты.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы күмәнді қаржы операцияларын бақылауға алудың маңызына тоқталды. Бұл түйткіл құқық қорғау органдарының назарынан тыс

қалмауға тиіс.

Президент наркотизмге қарсы күреске қоғам болып жұмылудың маңызды екенін атап өтті. Сондай-ақ Үкіметке, өңір әкімдеріне және жауапты мемлекеттік органдарға нашақорлықтан сақтандыру және есірткі бизнесіне қарсы күрес шараларын күшейту жөнінде бірқатар нақты тапсырма берді.

Жиын қорытындысы бойынша Мемлекет басшысы Нашақорлыққа және есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ведомствоаралық штабты Ішкі істер министрлігінің қарауынан алып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің деңгейіне көтеруді тапсырды. Бұл нашақорлықпен және есірткі саудасымен күресті жандандыруға, сондай-ақ тиісті мемлекеттік органдар арасындағы жұмысты анағұрлым тиімді үйлестіруге мүмкіндік береді.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ДАМУ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен жасанды интеллектіні дамыту мәселелері жөнінде кеңес өтті.

Кеңеске Премьер-министр Олжас Бектенов, Президент Әкімшілігінің басшысы Айбек Дәдебай, Үкімет мүшелері, орталық мемлекеттік органдардың жетекшілері қатысты.

Президент қазір дүние жүзінде жасанды интеллектінің қарқынды дамуына байланысты сипаты мүлде жаңа технологиялық өзгерістер болып жатқанын атап өтті.

— Бұл технология әлемдегі барлық елдің дамуына тікелей әсер етуде. Қазір онсыз жаһандық бәсекеге төтеп беру мүмкін емес. Озық технологиялар ұлт дербестігінің кепіліне, экономикалық өсімінің қозғаушы күшіне айнауда. Біз жасанды интеллект саласында бірқатар жетістікке қол жеткіздік, бірақ босаңсуға болмайды.

Осы стратегиялық бағытта табанды жұмыс істеуіміз керек. Бұл жұмысқа мен ең маңызды басымдықтың бірі ретінде қараймын. Біріккен Ұлттар Ұйымының Сауда және даму жөніндегі конференциясының (UNCTAD) болжамы бойынша 2033 жылға қарай жасанды интеллект нарығының ауқымы 4,8 триллион долларға жетуі мүмкін. Ал оның ғаламдық технологиялық индустриядағы үлесі 7 пайыздан 29 пайызға дейін артады. Бұл, әрине, теңдесі жоқ өсім болмақ. Жасанды интеллект дамудың жаңа мүмкіндіктеріне кеңінен жол ашады, — деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, қазір бұл саладағы бәсеке күшейді.

— Биыл шілде айында АҚШ Президенті Дональд Трамптың Әкімшілігі «America's AI Action Plan» стратегиясын жариялады. Онда жасанды интеллект АҚШ-тың технология, экономика және қорғаныс салаларында көшбасшы ел болып тұруына қажетті аса маңызды құрал ретінде қаралған. Мамандарымыз осы және басқа да құжаттарды мұқият зерделеп, нақты қорытынды жасауы керек. Ал Қытай Жасанды интеллект саласындағы ынтымақтастықты дамыту жөніндегі жаһандық ұйым құру туралы бастама көтерді. Мақсат — жасанды интеллектіні басқаруға арналған көпжақты тәсілдерді ілгерілету, сондай-ақ цифрлық алшақтықты жою, жасанды интеллектті тұрақты қолдану және оны пайдалану этикасын қалыптастыру. Қытайдың

мұндай ұйым құру туралы ұсынысын қолдау керек деп ойлаймын. Дайындық іс-шараларына атсалысу қажет. Бұл — еліміздің мүддесі. Қазақстанның негізгі мақсаты — Еуразиядағы цифрлық хабқа айналу. Ол үшін нақты іске көшу керек. Әр мәселеге жүйелі түрде қарап, батыл шешімдер қабылдап, оның орындалуын қатаң бақылауға алу қажет. Мен бұған дейін бірыңғай ұлттық цифрлық экожүйе құру ісін тездету туралы айттым. Қажетті инфрақұрылымды дайындап, заңнамалық негіз бен мәліметтерді жинау жүйесін өзірлеп, жасанды интеллектіні енгізу жұмысын бастауды тапсырдым. Бірақ бұл тапсырмалардың орындалу барысы мез емес, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жалғасы 2-бетте. ►

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

Басы 1-бетте.

Мемлекет басшысы жасанды интеллект барлық саланың қозғаушы күші болуға тиіс деп санайды. Оның пікірінше, ЖИ – еліміздің инновациялық дамуының, цифрлық дербестігінің тірегі.

— Алдағы бес жылдың ішінде Қазақстан цифрлық мемлекетке айналуы керек. Бұл — айқын әрі өзгермейтін мақсат. Себебі, біз жасанды интеллектінің мүмкіндіктерін толық пайдаланатын ел болуымыз қажет. Осы биік мақсатқа жету үшін стратегиялық бағдарымызды айқындап алған жөн. Әрбір қадамды мұқият ойластырып, алдын ала шұғыл шаралар қабылдауымыз керек. Қазір мемлекеттің цифрлық саясатқа қатысты ұстанымдарын қайта қарайтын кез келді. Жаһандық технологиялық бәсеке күшейіп, жасанды интеллектінің дамуы қарқын алған кезеңде бізге жан-жақты әрі жүйелі әрекет етуге мүмкіндік беретін кешенді бағдарлама керек. Үкімет Стратегиялық жоспарлау агенттігімен бірлесіп, жасанды интеллектті дамыту және еліміздің цифрлық трансформациясы туралы жүйелі құжат әзірлеуге тиіс. Бұл іске халықаралық компаниялар мен беделді сарапшыларды тарту қажет. Құжат прагматикалық тұрғыдан барынша жетік, айқын әрі алдағы жұмысымыздың бағыт-бағдары ретінде қызмет етуге тиіс. Онда жасанды интеллектті дамыту және қолдануың барлық аспектісіне қатысты кешенді шаралар қамтылуы қажет. Ол экономика мен мемлекеттік секторға аталған технологияны енгізу тұрғысынан нақты әрі түсінікті болуға тиіс. Құжаттың міндеті — еліміздің бәсекеге қабілетін арттыруға және жаңа индустрияларды құруға ықпал ету. Сонымен қатар жаппай оқыту бағдарламалары мен кадрларға сұранысты болжау арқылы еңбек нарығындағы трансформацияны басқаруға назар аударған жөн, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттің цифрлық саясатына арқау болатын тоғыз басым бағытқа жеке-жеке тоқталды.

— Бірінші. Жасанды интеллектіні экономиканың нақты секторына енгізуді қолға алу қажет. Бұл — күрделі, бірақ өмірлік маңызы бар міндет. Өйткені экономиканы түбегейлі жаңғыртуға, еңбек өнімділігін арттыруға септігін тигізеді. Ол үшін, ең алдымен, ірі кәсіпорындармен ықпалдастықты жолға қойған жөн. Үкімет «Самұрық-Қазына» қорымен бірге жыл соңына дейін жасанды интеллектіні өндірістік үдерістерге енгізіп, экономикалық тиімділігін көрсететін нақты үлгілер ұсынуға тиіс, — деді Мемлекет басшысы.

Президент мемлекетті басқару саласын одан әрі цифрландыру ісін екінші басымдық ретінде атады. Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, жасанды интеллект мемлекеттік органдардың жұмыс тиімділігін арттырады. Бұл — анық нәрсе.

— Қазір ChatGPT қағидатымен жұмыс істейтін кейбір жобалар енгізіліп жатыр. Бұл тәсілдер азаматтардың өтініштеріне жауап беруге септігін тигізуде. Дегенмен мұны алдағы үлкен жұмыстың алғашқы қадамы ғана деуге болады. Озық технологияның әлеуеті бұдан әлдеқайда жоғары. Жасанды интеллект мемлекеттік аппараттың жұмысын мейлінше жеңілдетуі керек. Бұл — өте маңызды міндет. Қазақстанда қызметтердің басым бөлігі әлі де «цифрлық фиксация» күйінде. Яғни құжаттар электронды түрде беріледі, өңделеді, бірақ рәсімдеудің өзі мемлекеттік қызметшінің араласуын талап етеді. Шын мәнінде, бұл — қағаз жүзіндегі бюрократияны цифрлық форматқа көшіру ғана. Бұдан тиімділік еш артқан жоқ. Біз жасанды интеллектіні қолданып, қандай қызметтерді толық өзгертуге болатынын нақты айқындап алуымыз керек. Ал одан босаған ресурстарды басқа да күрделі әрі пайдалы жұмыстарға жұмсауға болады. Сондықтан Үкімет ұш айдың ішінде мемлекеттік қызмет көрсету саласына жасанды интеллектіні енгізу

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ДАМУЫ

бойынша нақты шаралар әзірлеуі керек. Әсіресе, өтініштерді қарау және шешім қабылдау жұмысында кеңінен пайдаланған жөн. Бізге тұтас мемлекеттік басқару жүйесінде қолдануға болатын нақты тетіктер өте қажет, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы денсаулық сақтау саласында жасанды интеллект технологиясын пайдаланудың маңызына назар аударды. Оның айтуынша, медицина саласында ауқымды ақпарат жинақталған. Жасанды интеллект көмегімен олардың негізінде дұрыс диагноз қоюға, ем-шара тағайындауға және науқастарға мониторинг жүргізуге арналған құралдар дайындауға болады.

— Әлемде дәрігерлерді күнделікті бірсарынды жұмыстан босатып, олардың маңызды клиникалық шешімдер қабылдауына мүмкіндік беретін технологиялар белсенді қолданылады. Қазақстанда да перспективті медициналық стартаптар бар. Алайда бюрократия олардың әлеуетін шектеп отыр. Бір жағынан еліміздегі медициналық ақпарат жүйелерінде біртұтас алгоритм жоқ, әрқайсысы дербес дамып жатыр. Бұл жасанды интеллектінің медицина саласына енгізілуін тежейді. Денсаулық сақтау саласын цифрландыру ісіндегі жүйесіздік түрлі заңбұзушылықтарға жол беруде. Мысалы, былтыр әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына аудит жүргізілді. Сол кезде қомақты қаражаттың шығын болғаны анықталды. Цифрлық тәсілдер медицина саласының ашық және тиімді қызмет етуіне ықпал етеді, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев жасанды интеллект саласын реттеу тетіктерін жетілдіруді тағы бір маңызды міндет ретінде айқындады. Оның айтуынша, бүкіл әлемде жасанды интеллектіні пайдаланудың құқықтық негізі белсенді қалыптасып жатыр.

— Еуропа Одағы, АҚШ, Қытай және Канада қауіп-қатерлер мен ықтимал мүмкіндіктерді ескере отырып, саланы реттеудің төл моделін жасақтауға кірісті. Қазақстан да өзінің нормативтік базасын қалыптастыруға тиіс. Осы орайда, озық халықаралық тәжірибеге сүйенген жөн. Ұлттық басымдықтар басты назарда болуға тиіс. Жалпы, жасанды интеллект туралы тиісті заңды қабылдау — шұғыл міндет. Оны орындауға Үкімет баса мән беруі керек. Құжатта инновация, жауапкершілік, қауіпсіздік мәселелері тең дәрежеде ескерілуі керек. Сондай-ақ азаматтардың құқығын, кәсіпкерлердің мүддесін қорғау ісіне мән берілуі қажет. Заң жасанды интеллектіні дамытуға бөгет болмауға тиіс. Ереженің бәрі айқын әрі түсінікті болғаны жөн. Яғни инвестиция тартуға және технологияларды енгізуге барынша қолайлы заң әзірлеу қажет, — деді Мемлекет басшысы.

Президент цифрлық инфрақұрылымды дамытудың маңызына назар аударып, Үкімет мүшелеріне ABCDE моделі (AI, Big data, Cloud, Data Centers, Education) негізінде ұлттық цифрлық ландшафт құрылымын қайта қарау туралы тапсырма берілгенін еске салды.

— Біз жақында Орталық Азиядағы ең ірі суперкомпьютер кластерін іске қостық. Енді оны іс жүзінде қадеее жаратуымыз қажет. Бірақ мәз болып, босаңсуға болмайды. Тиісті жұмыс әлі алда. Есептеу ресурстары баршаға бірдей қолжетімді болуы керек. Суперкомпьютердің мүмкіндіктерін толық пайдалану қажет. Осыған орай Үкіметке суперкомпьютердің қуатын өділ бөлу ережесін әзірлеуді тапсырамын. Келешегі зор стартаптар мен ұлттық маңызы бар жобаларға басымдық беру керек. Сонымен қатар шашыраңқы мемлекеттік ақпарат жүйелерін ретке келтіру жұмыстарын күшейту қажет, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент бүкіл мемлекеттік және квазимемлекеттік цифрлық экожүйені біртұтас платформаға көшіруді тапсырды.

ЦИФРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

— Мұндай тәсіл түпкілікті интеграцияны, архитектуралық үйлесімділікті қамтамасыз етіп, артық шығынды болдырмайды және толыққанды деректер массивін қалыптастырады. Быыл шілде айында QazTech ұлттық цифрлық платформасы өнеркәсіптік пайдалануға берілді. Ол бүкіл цифрлық әзірленім процестерін орталықтандырып, оларды еңізу уақытын қысқартады. Платформаны жаппай қолданасқа еңізу мақсатында 2026 жылдың қаңтарынан бастап QazTech-тен тыс жаңа ақпараттық жүйелерді құруға маторий енгізіледі. Әрбір жағдай бойынша шешімді Цифрландыру жөніндегі комиссия қабылдауға тиіс. Үкімет 2026 жылы бірінші тоқсанның соңына дейін QazTech платформасының толық ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету процедурасын аяқтауы керек, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы деректерді басқару тиімділігін арттыру, сондай-ақ киберқауіпсіздікті күшейту мәселесін көтерді.

— Жасанды интеллектінің дамуымен қауіп-қатердің мүлдем жаңа түрлері пайда болды. Үйреншікті әрекет ету механизмдері оған бейімделіп үлгермей жатыр. Нейрожелілер көмегімен адамның биометриялық көшірмесі жасалатынын, дауысын, бет әлпетін, тіпті мінез-құлқын айнытпай салуға болатынын бәріміз көріп отырмыз. Бұл азаматтардың жеке мәліметі мен банк есепшоттарына қол жеткізуге, қоғамдық пікірді бұрмалайтын жалған бейнероликтер жасауға мүмкіндік береді, — деді Президент.

Одан әрі Мемлекет басшысы ақпараттық жүйелердің осал тұстарына тоқталды.

— Жыл басынан бері деректердің қолды болуына байланысты 40-тан астам факті тіркелді. Ең ірі оқиға маусым айында болды. Мұндай инциденттердің басым бөлігі жеке секторда орын алады. Бірақ мемлекет еліміздегі цифрлық қауіпсіздіктің жалпы деңгейіне толық жауап беруге міндетті. Киберқауіпсіздік саласындағы бүгінгі ахуал құзыреттердің дұрыс бөлінбеуі және шашыраңқылығы салдарынан күрделеніп отыр. Бір жағынан ақпараттық қауіпсіздікке Цифрлық даму министрлігі құрамындағы Ақпараттық қауіпсіздік комитеті мониторинг жүргізеді. Екінші жағынан қауіпсіздік талаптары бойынша техникалық сынақтар жүргізу және сертификаттау Ұлттық қауіпсіздік комитетіне бағынышты Мемлекеттік техникалық қызмет құзырында. Бірыңғай басқару вертикалінің болмауы және функциялардың қайталануы мемлекеттік органдардың киберқауіпке қарсы бауу әрекет етуіне себеп болады. Бұл жағдайды тез арада түзеу керек, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев қорғалған коммуникацияны қамтамасыз етуді тағы бір маңызды міндет ретінде атады.

— Қазіргі кезде іскерлік және қызмет бабындағы байланыстың, соның ішінде азаматтардың жеке деректерін беру үдерісінің басым бөлігі халықаралық мессенджерлер арқылы жүзеге асады. Бұл платформаларда жеке сәйкестендіру нөмірін, азаматтардың денсаулығы туралы мәліметті және басқа да деректерді жиі сұрайды. Мұндай тәжірибе жеке мәліметтерді қорғау туралы заңнамаға қайшы және ұлттық юрисдикциядан тысқары жерге деректердің тарап кетуіне әкеліп соғады. Қазақстанда отандық Aitu мессенджері әзірленді. Ол тиісті қауіпсіздік деңгейін қамтамасыз ете алады. Үкімет жеке деректерді қолданатын барлық коммуникацияны қорғалған ұлттық мессенджерге көшіру мәселесін пысықтауы керек, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы өскелең ұрпақтың жасанды интеллектіні дұрыс қолдана білуі маңызды екенін ескертті. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, мұны елімізде жүргізіліп жатқан цифрлық бетбұрыстың

негізгі шарты десек болады.

— Біз қазірдің өзінде «Al-Sana» оқыту бағдарламасын жүзеге асырып жатырмыз. Жобаның мақсаты — студенттердің жасанды интеллект саласындағы дағдысын жетілдіру. Бұл бағдарламаның ауқымын барынша кеңейте түскен абзал. Ұстаздар мен оқушылардың жасанды интеллект саласындағы білімін жетілдіру үшін жүйелі шаралар қабылдау қажет. Бұл — тиісті министрліктің алдында тұрған маңызды міндет, — деді Президент.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы инвестиция мен дарын иелеріне қолайлы жағдай жасаудың маңызына тоқталды.

— Өткен жылы жасанды интеллект саласындағы стартаптарға дүние жүзі бойынша 100 миллиард долларға жуық инвестиция салынды. Бұл — әлемдегі венчурлық қаражаттың үштен бір бөлігінен асып түседі. 2023 жылмен салыстырғанда ЖИ жобаларын қаржыландыру шамамен 80 пайызға артты. Осылайша жасанды интеллект саласындағы таланттар мен идеяларға бәсеке күрт өсті. Бүгінде негізгі инвестиция ағынын АҚШ, Еуропа Одағы елдері және Қытай қамтамасыз етіп отыр. Бірақ бұл қаржы қалыптасқан экожүйе бар жерге бағытталады. Яғни инфрақұрылымға қолжетімділікті қамтамасыз етуге, қолдауға, нарықты реттеуге және дамытуға жұмсалады. Ақша жағдай жасалған жерге келеді. Бір ай бұрын мен ЖИ саласындағы бірқатар қазақстандық стартаппен таныстым. Олардың кейбірі әлемдік деңгейге шыға алады. Дарынды жастарымыздың бар екені куантты. Олардың біразы шетелде жұмыс істесе де, отаншылдық сезімін жоғалтпаған. Мемлекет мұндай талант иелерін қолдауға міндетті, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Үкіметке отандық стартаптардың экспортқа шығуына қолдау көрсету үшін кешенді шаралар әзірлеу, сондай-ақ «цифрлық елшілер» институтын қайта қарау міндетін жүктеді.

— Біздің міндетіміз — қарым-қабілеті жоғары жастарға қолайлы инновациялық экожүйе қалыптастыру. Жалпы айтқанда, оларға барлық жағдайды жасау, қол ұшын беру. Сондай-ақ тың бастамаларды жедел жүзеге асыруға ықпал ететін құрылымдар мен зерттеу орталықтарын ашу керек. Цифрлық технология саласындағы халықаралық байланыстарды нығайта түскен жөн. Сонда ғана Қазақстан Еуразияның цифрлық хабы ретінде танылмақ. Жасанды интеллектіні дамыту — еліміз үшін стратегиялық мәні айрықша міндет. Бұл міндет Қазақстанның болашағымен тікелей байланысты. Еліміз міндетті түрде озық, дамыған болуы қажет. Сондықтан бұл мәселе менің жеке бақылауымда болады. Бүгінгі жиында бірқатар маңызды міндеттерді айқындадық. Барлық мемлекеттік органдар мен мекемелер бірлесіп жұмыс істеуі керек. Бұл жұмысқа жеке сектор өкілдерін де қосу керек. Себебі, бұл — жалпыұлттық мақсат. Цифрлық даму министрлігі басты үйлестіруші орган ретінде өзара байланысты қамтамасыз етуге тиіс. Уақыт өте тығыз, тоқмәйісіп отыруға болмайды. Жасанды интеллектіге қатысты негізгі шешімдер мен ұсыныстарды екі айдың ішінде дайындап, маған көрсету қажет, — деп қорытындылады сөзін Қасым-Жомарт Тоқаев.

Кеңес барысында Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиев, Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев, Ішкі істер министрі Ержан Сәденов баяндама жасады. Сонымен қатар талқылауға Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Ермек Сағымбаев, Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр, Премьер-министрдің орынбасарлары Ермек Көшербаев пен Қанат Бозымбаев, Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова, Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорының басқарма төрағасы Нұрлан Жақыпов, Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Дархан Жазықбай қатысты.

ТӘУЕЛСІЗДІК ҰРПАҚТАРЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ПӘН ОЛИМПИАДАЛАРЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ ПРЕЗИДЕНТ ҚАБЫЛДАУЫНДА

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ақордада халықаралық пән олимпиадалары жеңімпаздарымен және жүлдегерлерімен кездесті.

Іс-шараға 24 лауреат, атап айтқанда, 4 алтын, 11 күміс және 9 қола медаль иегері шақырылды. Оқушылар химия, математика, физика, география, информатика және биология пәндерінен үздік нәтиже көрсеткен.

Президент жастарды, ең алдымен, білім әлеміндегі жеңістерімен құттықтап, шынайы ризашылығын білдірді. Олардың халықаралық беделді білім сайыстарында топ жарып, Қазақстанның атын әлемге паш етуін зор жетістік ретінде бағалады.

— Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шығу, әлемдік жарыста жеңіске жету оңай емес. Білімге деген ұмтылыстың, нағыз еңбекқорлық пен табанды іс-әрекеттің арқасында осындай биікке шығып жатсыздар. Расында, дарынға ие болу, бұл — бақыт. Бірақ жай ғана еңбексіз дарын жетістіктің кепілі бола алмайды. Дарынның көзін ашу керек және оны толығымен пайдалана білу қажет. Әр жеңіс, әр медаль тынымсыз ізденіспен, маңдай термен, үздіксіз дайындықпен келеді, — деді Мемлекет басшысы.

Президент шәкірт қабілетін ұштаған ұлағатты ұстаздар мемлекеттік марапатқа лайық екенін жеткізіп, озық ойлы ұрпақ тәрбиелеген ата-аналарға алғыс айтты. Қазақстанның болашағы — жасампаз жастардың қолында екеніне назар аударып, ұл-қыздарымыз әрдайым үздіктер қатарынан табылатынын атап өтті.

— Жастарымыз жаһандық спорт және өнер додаларында жеңімпаз атанып, туымызды көкте желбіретіп жүр. Білім саласындағы беделіміз де артып келе жатыр. Былтырдан бері оқушыларымыз 30-дан астам халықаралық олимпиада мен ғылыми жарысқа қатысып, мыңға жуық медаль алды. Оның 200-ге жуығы — алтын,



300-ден астамы — күміс, ал 500-ге жуығы — қола медаль. Бұл тамаша көрсеткіш Қазақстандағы білім сапасының деңгейі жоғары екенін көрсетеді. Тағы да қайталап айтамын, біз әлемдік жарыста ел намысын қорғаған әр жеңімпазды мақтан тұтамыз. Сіздерді еліміздің бетке ұстар, лайықты азаматтары деп санаймын. Болашақта да Қазақстанның одан әрі дамуына қомақты үлес қосатындарыңызға кәміп сенемін, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев жастарға барынша жағдай жасау мемлекеттің басты міндетінің бірі екеніне тоқталды. Бұл бағытта ауқымды іс атқарылып жатыр. Бірақ негізгі жұмыс әлі алда.

— Қазіргі таңда еліміздің әр аймағында заманауи үлгідегі «Келешек мектептері» ашылуда. Мұғалім мәртебесін көтеруге баса мән беріліп жатыр. Ғылым жолына түскен жастарға жан-жақты қолдау

көрсетілуде. Бұл ретте «Болашақ» халықаралық стипендиясы тиімді рөл атқаруда. Жоба аясында мыңдаған жас азамат әлемнің озық университеттері мен зерттеу орталықтарында білім алды. Бүгінде олардың көбі елімізді өркендетуге мол үлес қосуда. Алдымызда тұрған міндет — осы стипендияға нағыз қабілетті, дарынды балаларды қосуға болмайды. Сондықтан келесі жылдан бастап халықаралық олимпиада жеңімпаздарын «Болашақ» бағдарламасы бойынша оқуға жіберу туралы шешім қабылданды. Осылайша, біз дарынды әрі талапты жастарға жан-жақты қолдау көрсете береміз, — деді Мемлекет басшысы.

Президенттің пікірінше, халықаралық беделді олимпиадалардағы жастардың жетістіктері ұлтымыздың зияткерлік қуаты мен өскелең ұрпақтың зор әлеуетін танытады.

— Елімізге ғалымдар, инженерлер, педагогтар, дәрігерлер мен басқа да жоғары білікті мамандар қажет. Әсіресе, жасанды интеллект саласындағы мамандар айрықша сұранысқа ие болады. Инновация мен жоғары технологиялар негізінде еліміздің алдағы даму кезеңдерінің берік іргетасын қалап жатырмыз. «Росатом» компаниясымен бірге салынатын алғашқы атом электр стансасы стратегиялық маңызға ие. Бірер күн бұрын оның құрылысы ресми түрде басталды. АЭС энергетика нысаны ғана емес, ғылыми-техникалық прогрестің жарқын символы болуға тиіс. Әзірге оның атауы жоқ. Бұл еліміздегі тұңғыш станса болғандықтан, халық арасында үздік атау жөнінде байқау жариялауға болады деп санаймын. Осы сайысқа қатысып, шығармашылық қарымдарыңызды көрсетуге шақырамын. Бәлкім, шешім қабылдаған кезде Сіздердің де ұсыныстарыңызға сүйенерміз, — деді Президент.

Мемлекет басшысы жастарға ғибратты сөзін арнады.

— Біз қазір бәріміз бір ел болып Әділетті, Таза әрі Қауіпсіз Қазақстанды құрып жатырмыз. Бұл — жай саяси науқан емес. Бұл — мемлекеттілігімізді нығайту деген сөз. Осы ауқымды жұмысты жастарымыз үшін бастадық. Енді оны міндетті түрде орындауымыз қажет. Оның бар игілігін, ең алдымен, өскелең ұрпақ, яғни, Сіздер көресіздер! Мен еліміздің жастарына зор сенім артамын. Қазақстан жастары көзі ашық, көкірегі ояу, ойы ұшқыр, дарынды, еңбекқор азаматтар деп үнемі айтып жүреміз. Ұл-қыздарымыз әрқашан адал азамат деген атқа сай болсын деп тілеймін. Ең алдымен Отанға, елімізге адал болыңыздар. Сіздер халқымызды жер жүзіне зияткер ұлт ретінде танытып жүрсіздер. Әрдайым ізденіс пен еңбек жолында болыңыздар. Өскелең ұрпақ Сіздерге — талантты жастарға қарап бой түзейді, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы халықаралық жарыстарда топ жарып, алтын, күміс және қола медаль иеленген жастарға 1500, 1000 және 500 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде қаржылай сыйақы сертификатын салтанатты түрде табыстады.

www.akorda.kz

ЖАҢА ЖОБА ҚОРҒАС ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚҚА АЙНАЛАДЫ



Жетісу облысына жұмыс сапары аясында Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары — Сыртқы істер министрі Мұрат Нұртілеу Қытайдың жетекші корпорациялары — «China Minmetals Corporation» және «CITIC Construction Co. Ltd» басшылығымен екіжақты кездесулер өткізді. Негізгі назар логистика, өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу сияқты негізгі секторлардағы бірлескен инвестициялық жобаларды іске асыруға аударылды.

«China Minmetals Corporation» басшылығымен Азия мен Еуропа арасындағы құрлықаралық бағыттағы жаңа стратегиялық торапқа айналуда тиіс Қорғас маңында логистикалық хаб салу мәселелері талқыланды.

«CITIC Construction Co. Ltd.» өкілдерімен кездесуде компанияның Қазақстандағы инвестициялық қызметін кеңейту жоспарлары қаралды. Ынтымақтастықтың негізгі бағыттарының бірі шекара маңында ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдейтін индустриялық парк құру болды. Бұл өңірдің экспортқа бағдарланған экономикасы үшін жаңа мүмкіндіктер ашады.

Қазақстанның Сыртқы істер министрі Қытаймен шекара маңындағы дамудағы өзара іс-қимыл елдің сыртқы экономикалық саясатының басым бағыттарының бірі екенін атап өтті. Бірлескен жобаларды жүзеге асыру сауда-экономикалық байланыстарды нығайтуға, Жетісу облысының инвестициялық тартымдылығын арттыруға және жаңа жұмыс орындарын ашуға ықпал етіп, түптеп келгенде өңірдің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуына оң әсерін тигізеді.

ҚР Сыртқы істер министрлігінің ресми сайты

КЕЛЕШЕК МЕКТЕБІ ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНДА ЕКІ БІЛІМ ОРДАСЫ ҚОЛДАНЫСҚА БЕРІЛЕДІ

Быыл Жетісу облысында жаңа оқу жылы басталғанға дейін «Келешек мектебі» жобасымен Алакөл ауданы Достық ауылында 600 орындық орта мектептің, сондай-ақ Панфилов ауданы Лесновка ауылында 300 орындық орта мектептің құрылысы аяқталып, іске қосылады. Сол сияқты Ақсу, Кербұлақ аудандарында тағы екі мектеп жылдың соңына дейін қолданысқа беріледі. Оған қоса тағы 8 білім беру нысанына күрделі жөндеу жүргізілуде, соның 6-уының құрылыс жұмыстары жыл соңына дейін аяқталады.

Облыстық білім басқармасының мәліметіне сүйенсек, қазір білім мекемелерінде жаңа оқу жылына дайындық қызу жүріп жатыр. Соның ішінде жылыту маусымына дайындық жұмыстары да басты назарға алынған. Білім беру мекемелеріне бүгінгі күнге сұйық және қатты отын, сол сияқты пеллет отыны жеткізілуде. Материалдық-техникалық базаны нығайтуға көңіл бөлініп, жыл соңына дейін 58 мектептің спорт залдары мен асханалары жаңартылады, 70 пән кабинеттері сатып алынады.

— Жалпы білім беру қорынан 25 229 әлеуметтік жағдайы төмен отбасының балаларына мектеп формасы мен кеңсе тауарларын алуға 1,1 млрд. теңге бөлінді. Бүгінгі күні аталған қаражат ата-аналардың жеке есеп шоттарына толығымен аударылды. 1-4 сы-



нып оқушылары және 5-11 сыныптың әлеуметтік осал отбасы балалары тегін ыстық тамақпен қамтылады. Сол сияқты оқушылар тасымалы мәселесі де назарымызда. Жалпы облыста 87 елді мекеннен 2113 оқушы тасымалданады. Оқушылардың қауіпсіз әрі жайлы тасымалы үшін быыл жергілікті бюджет есебінен қосымша 8 автокөлік сатып алынды, — дейді облыстық білім басқармасының басшысы Дәурен Жүнісов.

Жалпы жаңа 2025-2026 оқу жылында Жетісу облысында оқушылар контингенті 131 мыңнан асады деп күтілуде, оның ішінде 1-сынып оқушылары 13 мыңнан асады. Облыс колледждеріне 4,5 мың студент қабылдау жоспарланған.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі



ЖАСТАР – ДАМУДЫҢ ЖАҢА БЕЛЕСІНЕ БАСТАЙТЫН БУЫН

Елімізде жас буынның сапалы білім алып, шығармашылық әлеуетін шыңдап, заманауи жобалар әзірлеуіне кең мүмкіндік жасалған. Жастары білімді де белсенді елдің болашағы – жарқын, келешегі – кемел. Өйткені жастар – мемлекетіміздің күш-қуатын еселейтін, дамудың жаңа белестеріне бастайтын негізгі буынның бірі. 12 тамыз – Халықаралық жастар күні. Бұл күн – жас толқынның қоғам өміріндегі рөлін, олардың бастамалары мен идеяларын қолдаудың маңызын ойшықтайтын ерекше мереке. Быыл Жетісу облысының жастары аталмыш мерекені мың серпінмен, жаңа форматта атап өтуге. «JETFLOW» атты 10 күндік жастар декадасы аясында өнер, білім, спорт, тазалық шаралары бағытымен сан алуан іс-шаралар ұйымдастырылады. Бұл онкүндік – жас буынның өз әлеуетін көрсетіп, жаңа таныстықтар орнатып, өзара тәжірибе алмасатын тамаша алаңға айналмақ.

Аталмыш мереке аясында күні кеше Жетісу облысы әкімінің «Көшбасшы – 2025» жастар сыйлығын табыстау салтанаты өтті. Білім, медицина, өнер, спорт сынды бірнеше саладағы жетістіктерімен, қоғамдағы белсенділіктерімен көзге түскен жастар марапатталды. Мұндай мәртебелі атақ өз саласында белгілі жетістіктерге жете білген, өзге жастарға үлгі боларлық нәтиже көрсеткен облыс жастарына беріледі. Жеңімпаздарды облыс әкімі атынан облыс әкімінің орынбасары Диас Есдәулетов құттықтады. «Осы сыйлықтың бір ерекшелігі «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында быыл «Үздік жас жұмысшы маман» жаңа номинациясы енгізіліп

отыр. Бұл – еңбек адамына деген құрмет, жұмысшы жастардың қоғамдағы маңызын айқындайтын игі бастама», — деп «Көшбасшы» жастар сыйлығымен марапаттау жыл сайынғы игі дәстүр екенін атап өтті. Аталмыш сыйлық биыл 12 номинация бойынша ұсынылды. Атап айтар болсақ, «Жетісудың үздік келіні» жобасының авторы Арайлым Әлімжанова «Үздік жас қоғам белсендісі», талдықорғандық кондитер Жазия Темірбекова «Үздік жас кәсіпкер», облыстық «Жетісу» газетінің саясат және құқық бөлімінің меңгерушісі Айдар Қалиев «Үздік жас журналист», ауыр атлетикадан халықаралық дәрежедегі спорт шебері, екі дүркін Азия чемпионы Әлихан Әскербай «Үздік жас спортшы» атанды. «Х-фактор» жобасының финалисі, бірқатар халықаралық және республикалық конкурстардың жеңімпазы, облыстық Д. Рақышев атындағы филармонияның әншісі Ақбота Сабыржанова «Мәдениет саласының үздік жас көшбасшысы», Талдықорған қалалық көпсалалы ауруханасының лор дәрігері Темірлан Қылышбеков «Медицина саласының үздік жас көшбасшысы», Ақсу ауданындағы «Абубек» ШҚ басшысы, көпбалалы әке Елдос Әбубеков «Ауыл шаруашылығы саласының үздік жас көшбасшысы», Көксу ауданынан келген көпбалалы Жанғабыловтар «Үздік жас отбасы», «Үздік жас жұмысшы маман» «АқсуҚант» зауытының орталық зертханасының меңгерушісі Аруна Кенжеханова деп танылды. Сондай-ақ, жаңа бизнес идеялар мен бастамаларды қолдауға бағытталған «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантының иегерлері марапатталды. Грант иегерлеріне жобаларын сәтті жүзеге асыру үшін 3 млн. теңге көлемінде қаражат берілді. Жеңімпаздар алдағы уақытта «Мал және балық шаруашылығы», «Өсімдік шаруашылығы», «Сүт өнімдері өндірісі», «Қолөнер және шағын өндіріс», «Агро және экотуризм» бағыттары бойынша кәсіптерін бастап, дамытпақ.

Назерке ӘДІЛБЕКОВА

БАҒДАРЛАМА ШЕҢБЕРІНДЕ

Жетісу облысында «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында елді мекендерді көгалдандыру, көп қабатты үйлердің шатырлары мен қасбеттерін, сондай-ақ арық жүйелерін жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Осы жылдың басынан бері облыс орталығы Талдықорған қаласында өткен экологиялық шараларға 6 мыңға жуық тұрғын қатысты.



Талдықорғанда жалпы ауданы 124 га болатын 5 саябақ пен 40 гүлзар бар. Жыл басынан бері облыс орталығында 10 мың ағаш отырғызылды. Бұл ретте жасыл аймақтарды күтіп ұстау үшін 10 учаскеде 5 мердігер ұйым жұмыс істейді. Сонымен қатар абаттандыру жұмыстары жүргізілуде.

«Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында быыл біз 37 үйдің шатыры мен 20 көпқабатты үйдің қасбетіне жөндеу жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Сондай-ақ, 7,4 км арық желілерін қайта жаңарту көзделген. Бұл жұмыстар қазірдің өзінде қарқынды жүргізіліп жатыр. Жыл басынан бері қалада барлығы 37 экологиялық іс-шара өткізіліп, оған 6 мыңға жуық қала тұрғыны қатысты. Мұның бәрі жалпы алғанда тазалық пен тәртіпті сақтауға, облыс орталығын абаттандыруға, сондай-ақ экологиялық мәдениетті нығайтуға оң әсер етеді, — деп атап өтті Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Қуаныш Сейтімбетов.

Қала тұрғындары мен қонақтары абаттандыру шараларына қатысты пікір білдірді.

— Жергілікті тұрғын ретінде Талдықорған қаласының жылдан жылға өсіп келе жатқанына қуанамын. Басқа қалалардан келген достарымыз да біздің Талдықорғанның жақсарып келе жатқанын жиі айтады. Бұл — қала тұрғындарының ортақ еңбегі, — дейді талдықорғандық Серік Қожаханов.

Ал Алматы қаласының тұрғыны Мәншүк Қаракенова Талдықорғанның жалпы келбетін жақсартуға «Таза Қазақстан» бағдарламасы айтарлықтай әсер етті деп есептейді:

— «Таза Қазақстан» бағдарламасының арқасында Талдықорған қаласы әдемі әрі таза кейпін сақтап отыр. Қаланың өзі де жасыл желекті, ауасы таза, тұрғындардың тазалық пен тәртіпті сақтауы, сенбіліктерге белсенді қатысуы, туған жердің тазалығына жауапкершілікпен қарауының арқасында қала бұрынғыдан да жақсара түсті. Мен бұл қаланы бұрыннан жақсы көремін және осында келген сайын риза боламын, — дейді ол.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.
Фототілші: Жұмабай МҰСАБЕКОВ

ТАЛДЫҚОРҒАН ТЫНЫСЫ ҚАЛА ӘКІМІ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл 23 тұрғынды жеке мәселелері бойынша қабылдады.



Қабылдау барысында азаматтар жол жөндеу, ауыз сумен қамтамасыз ету, көше атауын беру, көше жарығын орнату, балалар ойын алаңдарын салу, апатты үйлерді жөндеу, көпқабатты тұрғын үйлердің шатырын жаңарту, ағаш кесу, үйді жекешелендіру, жер кезегін жылжыту сияқты әлеуметтік маңызы бар мәселелерді көтерді.

Кездесу кезінде қала әкімі әрбір өтінішке мұқият назар аударып, тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар берді.

Сонымен қатар, әкім барлық көтерілген мәселелер жеке бақылауға алынатынын және олардың оң шешілуіне жан-жақты қолдау көрсетілетінін атап өтті.

ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ

Қала әкімдігінің мәжіліс залында қала әкімінің орынбасары Қуаныш Сейтімбетовтың төрағалығымен 2025–2026 жылдарға жылыту маусымына дайындық жөніндегі қалалық штаб отырысы өтті.



Отырысқа ауылдық округ әкімдері, бөлім және коммуналдық мекеме басшылары, сондай-ақ ПИК бірлестіктерінің төрағалары қатысты.

Жиында әлеуметтік нысандарды көмір және дизель отынымен қамтамасыз ету, жылыту маусымына дайындық төлқұжаттарын әзірлеу және көппәтерлі тұрғын үйлердің техникалық дайындығын тексеру мәселері қаралды.

Қала әкімінің орынбасары Қуаныш Сейтімбетов штаб мүшелеріне нақты тапсырмалар беріп, жұмыстарды қатаң бақылауға алып, тұрақты тексеріс шараларын жүргізуді міндеттеді.

500-ДЕН АСТАМ ТҮЛЕК ГРАНТ ИЕГЕРІ АТАНДЫ

Республика бойынша мемлекеттік білім беру гранттарын тағайындау қорытындысы бойынша Талдықорған қаласының 501 түлегі еліміздің әр өңіріндегі жоғары оқу орындарында білім алуға арналған мемлекеттік грантқа ие болды.

Биылғы мектеп түлектерінің таңдауы түрлі бағыттарды қамтыды. Олардың бір бөлігі педагогикалық және медициналық мамандықтарды таңдаса, өзгелері техникалық, ауыл шаруашылығы және өзге де салалар бойынша жоғары білім алуды мақсат етіп отыр.

Еске салсақ, 2024–2025 оқу жылында қала мектептерін 1446 түлек тәмамдады. Оның ішінде 31 түлек «Алтын белгі» иегері, 68 түлек «Үздік аттестатпен» бітірді.

Айта кетейік, ағымдағы жылдың 12–18 тамызы аралығында І. Жансүгіров атындағы университетте облыс әкімінің қолдауымен қосымша 100 грант бөлінді. Оның ішінде 40 грант жалпы конкурс аясында, ал 60 грант жергілікті бюджет есебінен берілді.

Талдықорған қаласы әкімінің баспасөз қызметі



ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ АКЦИЯСЫ ЖАЛҒАСУДА

1 тамыздан 30 қыркүйекке дейін еліміздің барлық өңірлерінде жыл сойынғы «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясы өтеді. Акция бірнеше жылдан бері тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Аталмыш шара жаңа оқу жылына дайындық кезінде әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылардың балаларына демеушілік көмек көрсетуге бағытталған.

Талдықорған қаласының білім бөлімі Мемлекет басшысының мектеп жасындағы оқушыларды толық білім берумен қамтамасыз ету, аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан оқушыларға оқу жылының басталуына дайындық кезінде қолдау көрсету және балалардың әлеуметтік себептермен мектепке бармауының алдын алу жөніндегі тапсырмасын орындау мақсатында жүйелі жұмыс жоспарын құрып, көмекке мұқтаж балалардың тізімі жүйеленді. Акция аясында «Мектеп жәрмеңкесі» ұйымдастырылып, мектеп формасы және мектепке қажетті кеңсе тауарлары қолжетімді бағада сатылымға шығарылуда. Талдықорған қаласы білім бөлімінің басшысы Шынар Жүсіпқызы «Талдықорған қаласында әлеуметтік осал топтан шыққан 5647 оқушы бар. Әр балаға 46 228 теңге көлемінде көмек көрсетіледі. Сондай-ақ, республикалық «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы аясында көмекке мұқтаж 2000 бала мектеп формасымен, мектепке қажетті құралдармен қамтамасыз етіледі. Акцияға облыстың басқармалары, Талдықорған қаласындағы шағын кәсіп иелері, облыстық және қалалық мәслихат депутаттары, «Каспий банк», «Халық банк» филиалдары, «Қазақтелеком», «Қазпошта», ТЖД, Қорғаныс істері жөніндегі басқарма, мектеп ұжымдары көмек ұсынууда»-деп атап өтті. 2025–2026 оқу жылының қарсаңында «Жалпыға бірдей білім беру» қоры аясын-



да оқушыларды мектепке дайындау жұмыстары жүргізіліп жатқандығы мәлім. Қор дәстүрлі түрде жетім, ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға, аз қамтылған және атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы балаларына көмек береді. Сонымен қатар, өмірлік қиын жағдайға тап болған балалар да назардан тыс қалмайды. Көмек ата-аналардың есепшоттарына аударылуда, бұл оларға мектеп формасын, аяқ киім және кеңсе тауарларын өздігінен таңдауға мүмкіндік бермек.

Динара, қала тұрғыны:

– Баланы сабаққа даярлау оңай емес екені белгілі. Бірнеше жылдан бері «Мектепке жол» жәрмеңкесінің тұрақты тұтынушысымын десем де болады. Жыл сайын оқу жылы-

на қажетті барлық заттарды осы жәрмеңкеден табамыз. Бағасы нарықтағыдан төмен болғандықтан, біраз қаражатты үнемдейміз.

Камшат, қала тұрғыны:

– Білім күні таяған сайын мектепке қажетті жабдықтардың бағасы шарықтап кететінін көріп жүрміз. Бұл ата-аналардың қалтасына едәуір салмақ салатыны айтпаса да түсінікті. Қос перзентімді оқуға

дайындауды әлдеқашан бастап кеткенмін. Көпбалалы ана ретінде мемлекет тарапынан қолдау тауып, қажетті қағаз, қаламын бағалары қолжетімді «Мектепке жол» жәрмеңкесінен алдық. Иәлікті іске атсалысқан барша жанға алғысымды білдіремін.

Жазира, сатушы:

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде «Балаларға ерекше назар аудару керек. Себебі, олардың амандығы – мемлекетіміздің жарқын болашағының сенімді кепілі» - деген болатын. «Балалар – біздің болашағымыз». Оларға бар жақсылықты жасауымыз керек. Бұл орайда жалпыреспубликалық «Мектепке жол» акциясын ұйымдастыру дәстүрге айналғалы қашан. Біздің сатылымға шығарып отырған жабдықтарымыздың бағасы әдеттегі дүкендерден төмен. Сондықтан халық үшін қолайлы деп айта аламын.

Назерке ӘДІЛБЕКОВА

МЕЙІРІМ МЕН ҚАМҚОРЛЫҚТЫҢ БЕЛГІСІ

Жаңа оқу жылының қарсаңында дәстүрлі түрде өткізілетін «Мектепке жол» республикалық акциясы биыл да өз жалғасын тапты. Бұл – әлеуметтік жағдайы төмен, көпбалалы отбасылар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды жаңа оқу жылына дайындау мақсатында ұйымдастырылатын кең ауқымды игі шара. Акцияның басты мақсаты – барлық баланың білім алуға тең құқылы екенін қамтамасыз ету, оларға қуаныш пен үміт сыйлау. Оқушылардың толыққанды білім алуына жағдай жасап, әлеуметтік қолдау көрсету арқылы балалардың жүрегіне жылу сыйлау – бұл акцияның негізгі мұраты. «Н.Островский атындағы №8 орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде де бұл игі бастама жоғары деңгейде жүзеге асырылып келеді. Биылғы жылы мектеп әкімшілігі мен ұстаздар қауымының, сондай-ақ, демеушілер мен ата-аналардың қолдауымен бірнеше оқушы мектепке қажетті құрал-жабдықтармен, сөмке, оқу-сауық материалдарымен қамтамасыз етілді. ШЖҚ «Жетісу облысының фтизиопульмонология орталығы» МКК, «Нұр-Авиценум» медициналық орталығы, Талдықорған қаласының ШЖҚ МКК «Облыстық кардиологиялық орталығы», «Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Талдықорған қалалық емханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының демеушілігімен 2025 жылдың 4–7 тамызы аралығында мектебіміздің әлеуметтік жағдайы төмен топтағы 4 оқушысына жалпы сомасы 257 000 теңге көлемінде мектепке қажетті киім-кешек пен оқу құралдары алынып, толықтай қамтамасыз етілді. Игі іске мұрындық болған барлық демеушілерге ұжымымыз бен ата-аналар атынан шын жүректен алғыс білдіреміз!

Асел ТУРАРОВА,
«Н.Островский атындағы №8 орта мектеп»
КММ директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

МЕКТЕПКЕ ЖОЛ - ӨМІРГЕ ЖОЛ

«Баланың ақылы бірте-бірте өспекші, міне, осы мезгілде оған жолбасшылық ету – тәрбиенің басты бір шарты»

Ғұмар ҚАРАШЕВ

Ағымдағы жылдың 1 тамызынан - 30 қыркүйегіне дейін Республика көлемінде «Мектепке жол» акциясы жүріп жатыр. Бұл акцияның мақсаты – аз қамтылған, көпбалалы, қамқоршысынан айырылған балаларға жаңа оқу жылына бару үшін көмек көрсету, оқумен қамтылмай қалған балаларды анықтап, мектепке тарту, оларға сөмке, кеңсе тауарларын, мектеп формасын, спорттық киім, аяқ киім алуға қол ұшын беру. Жоғарыда көрсетілген санаттағы балаларға жалпыға бірдей білім беру қорынан да әр балаға 46 228 теңге қаржылай көмек көрсетіледі. Бұндай көмекті мектебіміздің 200-ге жуық оқушысы алмақ. Бұл – Мемлекет тарапынан жасалып жатқан үлкен қайырымдылық, көмек, қолдау. Бүгінде 3-5 баласы бар ата-аналарға балаларын мектепке жинаудың өзі үлкен салмақ. Осы тұста оқу орнының 80-ге жуық оқушысына демеушілер, қарапайым азаматтар, мектеп ұстаздары да бұл акциядан тыс қалмай киім-кешек, оқу құралдарын алуға жан-жақты көмек көрсетуде. «Мектепке жол» акциясы өз деңгейінде өтуде. Оқушылардың мектепке алаңсыз баруына бар мүмкіндіктер жасалуда.

Ақбота АЛТЫБАЙ,
«Н.Островский атындағы №8 орта-мектеп» КММ
әлеуметтік педагогі

БОЛАШАҚҚА ҚАДАМ

Жаңа оқу жылы қарсаңында дәстүрлі «Мектепке жол» республикалық акциясы бастау алып, жалғасуда. Бұл игі бастама – қоғамдағы өзара қамқорлық пен бірліктің көрінісі. Білім жолындағы жас буынға қолдау көрсетіп, олардың арманына жетуіне үлес қосу баршамамыздың парызымыз деп білемін. «Сайын Мұратбеков атындағы №9 орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде де бұл игі бастама жоғары деңгейде жүзеге асырылып келеді. Биылғы жылы мектеп әкімшілігі мен ұстаздар қауымының, демеушілердің қолдауымен бірнеше оқушы мектепке қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді. Жетісу облысының білім басқармасы, Төтенше жағдайлар департаменті, Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасы мемлекеттік мекемесінің демеушілігімен мектебіміздің әлеуметтік жағдайы төмен топтағы 5 оқушысына жалпы сомасы 270 000 теңге көлемінде мектепке қажетті киім-кешек пен оқу құралдары алынып, толықтай қамтамасыз етілді.

Шыңғыс НАСЫРОВ,
«Мектепке дейінгі шағын орталығы бар Сайын Мұратбеков атындағы №9 орта мектеп» КММ директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары



16650-БАЛАҒА
КӨМЕК

Осы жылдың 1 тамызы мен 30 қыркүйегі аралығында «Мектепке жол» республикалық акциясы ұйымдастырылады. Биылғы жылы облыста әлеуметтік осал топтағы 16650 балаға көмек көрсету жоспарлануда.

Жыл сайынғы бұл дәстүрлі акция аз қамтылған, көп балалы, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға оқу жылының басталуына дайындық кезінде материалдық қолдау көрсету мақсатында өткізіледі.

Бүгінгі күні акцияны ұйымдастыру және өткізу бойынша өңірлік іс-шаралар жоспары жасалып, көмекке мұқтаж балалардың тізімі жинақталып, бекітілген.

«Биылғы жылға аудан, қалаларда әлеуметтік осал топтағы 16650 баланың мектепке жиналуына көмек көрсетіледі деп жоспарланып отыр. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы аясында әлеуметтік осал топтағы отбасылардың 25229 баласын киім-кешек, кеңсе тауарларымен қамту мақсатында жергілікті бюджеттен 1,1 млрд. теңгеден астам қаражат бөлінді. Бүгінгі күнге Ақсу, Көксу, Кербұлақ аудандарында 100% аударым жасалды. Қалған қала, аудандарда 15 тамызға дейін толық аяқтау жоспарда бар», - делінген облыстық білім басқармасының хабарламасында.

ДӘСТҮР ҰРПАҚҚА ҮЛГІ МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ



Отбасы – әрбір адамның өміріндегі ең қымбат қазына. Біз үшін ата-бабадан қалған асыл мұра – қазақтың салт-дәстүрін сақтап, оны болашақ ұрпаққа аманаттау – басты міндетіміз. Осы құндылықтарды дәріптеу мақсатында биыл біздің әулетіміз «Мерейлі отбасы» байқауына қатысып, көпшілікке өз өміріміз бен дәстүрімізді паш ету мүмкіндігіне ие болдық.

Бұл байқауға қатысуымызға №19 мектеп-гимназиясының ұжымы үлкен себепкер болды. Ең алдымен сынып жетекшісі Маржан Жайыққызы жылы ұсыныс жасап, бізге сенім артты. Сол сенімді мектеп директоры Қарлығаш Келісқызы мен тәрбие жөніндегі меңгерушісі Айгүл Алқажанқызы толық қолдап, демеу көрсетті. Ұстаздарымыздың осы ықыласы бізге ерекше шабыт беріп, жауапкершілікпен дайындалуымызға түрткі болды. Өмірғалиевтер әулеті – ата-әжесі, ата-анасы

және төрт баласы бар, тату-тәтті үлкен шаңырақ. Біз әрқашан отбасылық бірлікті, сыйластықты, еңбекқорлық пен адалдықты басты ұстаным етіп келеміз. Балаларымызға ұлттық тәрбиені сіңіріп, ана тіліміз бен салт-дәстүріміздің қадірін ұғындыруды өмірлік міндетіміз деп білеміз. Байқау барысында біз өзіміздің күнделікті өмірімізден, ата-бабамыздан жеткен тәрбиеден, отбасы құндылықтарынан сыр шертіп, жүлделі 3-орын иелендік. Мен, осы әулеттің келіні ретінде айтарым: *«Мерейлі отбасы» байқауы біз үшін тек жарыс емес, бұл – өз тарихымызға, тамырымызға қайта үңіліп, отбасымыздың берік іргетасын сезіну сәті болды. Мектеп ұжымына және ұстаздарымызға осындай мүмкіндік сыйлағаны үшін шексіз алғыс айтамыз»*. Осындай байқаулар – тек әулеттердің мерейін үстем етіп қана қоймай, ұрпақ санасына елдік пен бірліктің, салт-дәстүрдің қадірін сіңіреді. Біз үшін бұл – мақтаныш әрі болашаққа қалатын өнеге.

Эльмира АГИБАЕВА,
Талдықорған жоғары политехникалық колледжінің оқытушысы



«ТАНЫМ» ОРТАЛЫҒЫ 4000-НАН АСТАМ ҚЫЗМЕТКЕРІН ОҚЫТТЫ

«Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясының «Таным» корпоративтік оқу орталығы 2025 жылдың бірінші жартыжылдығын қорытындылады. Қаңтар айынан маусымға дейін орталықта 30 мемлекеттік орган мен квазимемлекеттік сектор ұйымдарының 4000-нан астам қызметкер оқытылды. Сабақтар Qosyl meet платформасында онлайн форматта өтті.

Оқыту бағдарламасы азаматтардың өтініштерімен жұмыс істеу барысындағы қызметкерлердің жауапкершілігі туралы нақты түсінік қалыптастыруға бағытталды. Қазақстандықтардың әрбір сұранысы жан-жақты қаралып, өтініш берушілер сапалы, толық жауап алу үшін процестердің ашықтығы мен тиімділігін қамтамасыз етуге ерекше назар аударылды.

Осы мақсатта «Таным» орталығы Бас прокуратураның, ЦДИАӨМ мемлекеттік қызметтер комитетінің, Әділет министрлігінің, Мәдениет және ақпарат министрлігінің, сондай-ақ Мемлекеттік корпорацияның сарапшыларын шақырды.

Сабақ барысында спикерлер әкімшілік рәсімдердің қағидаттарын қоса алғанда, өтініштерді тіркеу және есепке алу жөніндегі заңнаманың талаптарын, сондай-ақ өтініштермен жұмыс істеудің құқықтық негіздерін түсіндірді. Бұл білім мамандарға азаматтармен қарым-қатынасты сауатты құруға және бюрократиялық кедергілерді азайтуға көмектеседі.

Азаматтар мен бизнес өкілдерін жеке қабылдау бойынша арнайы оқу блогы да қарастырылды. Тыңдаушылар мұндай кездесулерді өткізудің үздік тәжірибелерімен, тиімді диалог құру және қиын жағдайларды реттеу тәсілдерімен танысты. Бұл өте маңызды тақырыптар, себебі қатысушылар үшін «е-Өтініш» жүйесінде жұмыс істеуден басқа, ерекше дағдыларды талап ететін халықпен тікелей қарым-қатынас форматы да сұранысқа ие болып қала береді.

Сонымен қатар, қатысушылар жасырын Мемлекеттік қызметтерді анықтау әдістемелерін және олардың қолжетімділігін арттыру үшін цифрлық құралдарды пайдалануды зерттеді. Мемлекеттік корпорация арқылы әртүрлі мемлекеттік органдардың 50-ден астам ақпараттық жүйелердің қатысуымен мемлекеттік қызметтердің кең спектрі ұсынылатындықтан бұл тақырып та маңызды. Мемлекеттік қызметтер азаматтарға жылдам әрі сапалы көрсетілу үшін ведомстволар арасындағы үйлесімді өзара іс-қимылды талап етеді.

Тәжірибелік сабақтар мен жасалатын қателіктерді талдау тыңдаушыларға бірлесіп жұмыс жасаудың, бюрократиялық кедергілерді азайтудың және барлық кезеңдерде жүйелі қызмет көрсету үшін жағдай жасаудың маңызын түсінуге көмектесті.

«Таным» корпоративтік оқу орталығы кадрлық әлеуетті дамытуға және оқытуға, заманауи тәсілдерді енгізуге баса назар аударма отырып, осы бағыттағы жұмысты жалғастырады.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы КЕАҚ

АСЫЛ ҚАЗЫНА ТІЛ ҮЙРЕНУ – ТАЛБЕСІКТЕН БАСТАЛАДЫ

Халқымыздың басынан өткерген талай қилы кезең мен зұлмат заманның өзінде ата-бабаларымыз қазақ халқының бар рухани қуатын бойына сіңірген ардақты асылы – ана тілінің жойылып кетуіне жол бермей, қызғыштай қорғап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырған. Әр халық өз тілі арқылы әлемді, дүниені, өмірдің құнды тағылымдарын таниды, елінің мәдениетін жасайды, келешек ұрпаққа түйген тұжырымдарын жеткізеді, мемлекеттік тілінің мәртебесін көтереді. Біздің, яғни қазақ халқының мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Алайда азаматтар тарапынан да, мемлекет тарапынан да, оның толыққанды мемлекеттік тіл болуы үшін әлі де көп істер атқарылуы шарт.

Ана тіліміздің көсегесін көгертіп, мәртебесін арттыруды алдымен өз ұлтымыздың отбасынан бастағанымыз жөн ғой. Егер қазақ отбасыларының өзі ана тілін екінші кезекке ысырып қойып, өзара өзге тілде сөйлесуді қалайтын болса, онда басқа ұлттың өкілдеріне қандай кінә қоюға болады. Отбасыларында орын алып отырған кейбір кемшін тұстарға тоқтала кетсек артық болмас. Мәселен, адамзаттың бар тіршілігі сияқты тілге үйрену де отбасынан бастау алатынын бесенеден белгілі. Дереккөздерге сүйенетін болсақ кешегі «қызыл империя» кезеңінен қалыптасқан қазақ отбасындағы күрделі өзгерістер, өкінішке орай бүгінгі жаһандану заманында жаппай жалғаса түсуде. Қаладағы ата-енесіз қалыптасып отырған көптеген отбасыларындағы жастардың негізгі қарым қатынас тілі орыс тілі екені де құпия емес. Сол себепті дүниеге келген ұрпақ ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан, көп халыққа ұқсай бермейтін салт-дәстүрі бар ұлттық ұядан тысқары өсіп, ең бірінші кезекте ана тілінен айырылады екен.

Сауалнама жүргізудің нәтижесінде жалпылама алғанда қыз балалар, олардың аналары да өзге тілде сөйлеуге бейімді көрінеді. Солардың кейбіреулері қазақша сөйлегісі келмейтінін де жасырмайды екен. Демек, бұл жайдан жай емес. Бұл дегеніміз белгілі жағдайда қазақ тіліне деген бүгінгі және келешек аналарымыздың қатынасы, көзқарасы, олардың ұлттық саналарының деңгейі. Бұдан шығатын қорытынды ана өз тілінде сөйлегенде ғана, бала да ана тілінде сөйлеп, ауызданады. Сондықтан тіліміз «ана тілі» деп тегін аталмаған ғой.

Қазақстанда көп ұлттың өкілдері бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп жатқанына басқа мемлекеттер қызыға қарайтыны құпия емес. Сондықтан қазақ отбасыларының өздері ана тілін меңгеруге деген көзқарастарын өзгертіп, жетік меңгеруге бетбұрыс жасайтын болса, өзге ұлттың өкілдеріне де үлгі болары хақ. Ендеше Қазақстан мемлекетінің азаматы екенімізді жан-жүрегімізбен түйсінсек, болашақ ұрпаққа Отан алдында жауапты екенін ұғындырсақ, тіл мәдениетін көтеріп, оның ішінде өзге тілдерге көлеңке түсірмей, мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыруға әбден болады. Бұл ортақ іске әрбір отбасы өзіндік үлес қоса алады. Ол үшін сәбилерін талбесіктен бастап, ана тілінде сөйлеуге үйретуді ана сүтімен бойына дарытатын болса, біздің еліміздің келешегін қалыптастыратын жас ұрпақ мемлекеттік тілді жетік меңгеріп алары күмәнсіз.

Гүлнұр ЖОЛДАСОВА,
Жетісу облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы

ДЕНСАУЛЫҚ СКРИНИНГТЕН ӨТІҢІЗ

Денсаулық сақтау министрлігі қазақстандықтарды жыл сайын скринингтік зерттеп-қараудан өтуге шақырады. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодекстің 80-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтары профилактикалық медициналық қарап-тексеруден және скринингтік зерттеулерден өтуге міндетті.

Сонымен қатар, осы жылдан бастап МӘМС жүйесіндегі мәртебесіне қарамастан, онкоскринингтер барлығына қолжетімді.

Зерттеп-қараулар жүрек-қан тамырлары ауруларын, қант диабетін, глаукоманы, сүт безі, жатыр мойны мен ішектің обырын, В және С вирустық гепатиттерін, цереброваскулярлық бұзылуларды және басқа да қауіпті патологияларды ерте анықтауға бағытталған. Жас санаттары мен жиілігін дәрігер медициналық стандарттарға сәйкес анықтайды.

Сіз өзіңіздің емханаңызда скринингтен өте аласыз - жеке куәлігіңіз болуы жеткілікті. Тіркелу, call-орталық немесе Дамумед мобилдік қосымшасы арқылы жазылуға болады.

Көбінесе учаскелік дәрігерлер немесе мейіргерлер жас және басқа өлшемшарттар бойынша тізімдер жасай отырып, бекітілген халықты өздері шақырады.

Скринингтен кім және қашан өтеді?

- жүрек-қантамыр жүйесінің аурулары: артериялық гипертония және жүректің ишемиялық ауруы - 40 пен 76 жас аралығындағы ерлер мен әйелдер;

- эндокриндік аурулар: қант диа-

беті - 40 пен 76 жас аралығындағы ерлер мен әйелдер;

- көру ағзаларының аурулары: глаукома - 40 пен 76 жас аралығындағы ерлер мен әйелдер;

- онкологиялық аурулар: сүт безі обыры - 40 пен 76 жас аралығындағы әйелдер; жатыр мойны обыры-30 бен 74 жас аралығындағы әйелдер; колоректалдық обыр - 50 мен 76 жас аралығындағы ерлер мен әйелдер;

- вирустық инфекциялар: В және С вирустық гепатиті - медицина қызметкерлері; жоспарлы және шұғыл операцияларға түсетін пациенттер; гемодиализ, гематология, онкология, трансплантаттау, жүрек-қан тамырлары және өкпе хирургиясы орталықтары мен бөлімшелерінің пациенттері; ағзаларды, тіңдерді, жасушаларды гемотрансфузия және трансплантаттау жүргізілетін адамдар; жүкті әйелдер;

- цереброваскулярлық бұзылулар - 50 жастан 76 жасқа дейінгі ер адамдар.

Азаматтарды тексеру тіпті ешқандай белгілер болмаған жағдайда да - тек олардың денсаулығына сенімді болу үшін қажет.

ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің ресми сайты

18 ТАМЫЗ – ҰҚК ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІ КҮНІ ЖАС ЛЕЙТЕНАНТТАРДЫ САЛТАНАТТЫ ҚАРСЫ АЛУ РӘСІМІ

ҚР ҰҚК Шекара қызметінің кәсіби мерекесі қарсаңында Жетісу облыстық департаменті Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты шекара бөлімшелерінде ҚР ҰҚК Шекара академиясын тәмамдаған жас лейтенанттарды салтанатты түрде қарсы алу рәсімін өткізді. Бұл – болашақ офицерлердің қызметтік жолындағы алғашқы қадамдарына арналған ерекше әрі тарихи сәт болды.

Салтанатты іс-шара барысында жас лейтенанттарға бөлімше басшылығы мен ардагерлер жылы лебіздерін білдіріп, Отан алдындағы борышты адал атқаруға, әскери антқа берік болуға шақырды. Олардың бойындағы білім мен дайындық ел шекарасының қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқаратыны атап өтілді.

Жас офицерлер үшін бұл қабылдау рәсімі – үлкен сенім мен жауапкершілік жүгін арқалаудың бастамасы. Алдағы



уақытта олар еліміздің мемлекеттік шекарасын қорғауда өздерінің кәсіби біліктілігін арттырып, жауынгерлік міндеттерін абыроймен орындауға дайын екендіктерін көрсетті.

ШЕКАРАШЫЛАР САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ЖАҚТАЙДЫ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментінің Панфилов ауданы бойынша шекара басқармасының «Іле» шекара бөлімшесінің жеке құрамы салауатты өмір салтын ұстануды басты қағида ретінде қабылдаған. Әскери қызметкерлер үшін денсаулық – Отан алдындағы борышты адал атқарудың кепілі. Сол себепті бөлімше жеке құрамы күнделікті қызметінде де, бос уақытында да спортпен шұғылданып, зиянды әдеттерден аулақ болуға ерекше көңіл бөледі.

Салауатты өмір салты – тек физикалық дайындық ғана емес, сонымен бірге рухани және моральдық тұрақтылықты қалыптастырады. «Іле» шекара бөлімшесінде түрлі спорттық жарыстар, эстафеталар мен турнирлер ұйымдастырылып, әскери ұжымдағы достық пен бірлікті нығайтады. Мұндай шаралар жас сарбаздардың өзара ынтымағын арттырып қана қоймай, олардың қызметке деген жігерін де күшейтеді.

Сонымен қатар ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті Панфилов ауданы бойынша шекара басқармасының «Қарақұм» шекара бөлімшесінің жеке құрамы да салауатты өмір салтын қолдауды күнделікті қызметімен ұштастырып келеді. Әскерилер үшін мықты денсаулық пен жоғары физикалық дайындық – мемлекеттік шекараны қорғаудағы ең басты шарттардың бірі. Осы мақсатта бөлімше сарбаздары спорттық жаттығулар мен белсенді демалысты өздерінің өмірлік әдетіне айналдырған.

«Қарақұм» шекара бөлімшесінде тұрақты түрде спорттық сайыстар, эстафеталар, әскери көпсайыс және жүгіру жарыстары өткізіліп тұрады. Бұл шаралар жеке құрамның төзімділігі мен ептілігін арттырып қана қоймай, ұжым арасындағы ынтымақ пен өзара қолдауды нығайтады. Сондай-ақ салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында өмістер мен түсіндірме жұмыстары жүргізіледі.

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментінің Панфилов ауданы бойынша шекара басқармасының «Басқұншы» шекара бөлімшесінің жеке құрамы салауатты өмір салтын ұстануды басты мақсаттарының бірі санайды. Әскери қызметтің ауыр да жауапты міндеттерін атқару үшін денсаулық пен мықты физикалық дайындық аса қажет. Осыған орай сарбаздар күнделікті жаттығуларды жүйелі түрде орындап, спорттық шараларға белсенді қатысады.



Бөлімше аумағында спорттық алаңдар мен жаттығу жабдықтары толыққанды пайдаланылып, жеке құрам арасында түрлі спорт түрлерінен жарыстар ұйымдастырылады. Бұл шаралар тек физикалық шынығуды ғана емес, ұжымдағы бірлікті, өзара қолдауды және достық қарым-қатынасты нығайтуға бағытталған. Сонымен бірге, салауатты өмір салтына қатысты түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, зиянды әдеттердің алдын алу мәселесіне ерекше көңіл бөлінеді.

Әскери қызметтің негізгі талаптарының бірі – мықты денсаулық пен жоғары физикалық дайындық, сондықтан сарбаздар күнделікті қызметінде де, бос уақытында да спортпен шұғылдандыру әдетке айналдырған.

«Алмалысу» шекара бөлімшесінің әскери қызметкерлері үшін салауатты өмір салты – тек жеке денсаулықты сақтау емес, сондай-ақ Отан алдындағы борышты абыроймен атқарудың кепілі. Олардың ұстанымы жас буынға үлгі болып, спортқа қызығушылықты арттыруға және белсенді өмір салтын қалыптастыруға ықпал етеді.

Панфилов ауданы бойынша шекара басқармасының «Ынталы» шекара бөлімшесінің жеке құрамы да салауатты өмір салтын ұстануды маңызды міндеттердің бірі ретінде қабылдайды. Әскерилер үшін мықты денсаулық пен жоғары физикалық дайындық – шекараны күзетудегі сенімділіктің басты кепілі. Сондықтан жеке құрам күнделікті жаттығулар жасап, спорттық жарыстарға белсене қатысып келеді.

«Ынталы» шекара бөлімшесінің әскери қызметшілері үшін салауатты өмір салты – тек жеке денсаулықты сақтау ғана емес, ел шекарасының қауіпсіздігін мықтап қорғаудың да кепілі. Олардың үлгісі жас буынға жігер беріп, спортқа және белсенді өмірге деген қызығушылықты арттырады.



АБАЙ – МӘҢГІЛІК ҒҰМЫР

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасының жеке құрамымен 3. Қойшыбаева атындағы Алакөл аудандық мәдениет үйінің кітапханасында ұлы ақын, ағартушы Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына орай «Абай – мәңгілік ғұмыр» атты тағылымды тәрбие сағатын өткізді.



Шара барысында қатысушылар Абайдың өмір жолы, шығармашылық мұрасы мен қазақ мәдениетіндегі орны туралы тың деректермен танысты. Ақынның өлеңдері мен қара сөздерінен үзінділер оқылып, оның адамгершілік, білім мен еңбекке шақырған өсиеттері кеңінен насихатталды. Әскери қызметкерлер мен кітапхана қызметкерлері арасында еркін пікір алмасу ұйымдастырылып, Абайдың идеяларының бүгінгі күнгі өзектілігі талқыланды.

Мұндай тәрбиелік мәні зор кездесулер жеке құрамның рухани дүниесін байытып,

мәдени құндылықтарға деген құрметін арттырады. «Абай – мәңгілік ғұмыр» атты тәрбие сағаты әскери қызметкерлердің елжандылық сезімін күшейтіп, ұлт тарихына және рухани мұраға деген сүйіспеншілігін тереңдете түсті.

Сонымен қатар, ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментінің Панфилов ауданы бойынша шекара басқармасының жеке құрамымен «Абай Құнанбайұлына – 180 жыл» атты тәрбие сағаты Жаркент қаласының кітапхана және мұражай қызметкерлерінің қатысуымен өтті.

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

ЖАҒЫМСЫЗ ӘРЕКЕТТЕРДІҢ АЛДЫН АЛУ


ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасының жеке құрамымен жағымсыз әрекеттердің алдын алуға арналған арнайы іс-шара өткізді. Бұл жиынның мақсаты – әскери ортада тәртіпті сақтау, қызметтік міндеттерді адал орындау және моральдық-этикалық нормаларды қатаң ұстану қажеттілігін түсіндіру болды.

Шара барысында әскери қызметтің беделіне нұқсан келтіретін құқық бұзушылықтар мен теріс қылықтардың салдары туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Жеке құрамға заң талаптары, әскери жарғылар мен ішкі тәртіп ережелері еске салынды. Сондай-ақ, өмірлік жағдаяттарға байланысты мысалдар келтіріліп, мұндай әрекеттердің жеке адамға да, жалпы ұжымға да тигізетін зияны талқыланды.

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті

ЖЕКЕ КӘСІПКЕРЛЕР МӘМС ТӨЛЕМДЕРІ МЕН ЖЕҢІЛДІКТЕР ТУРАЛЫ НЕ БІЛУ КЕРЕК?

Жеке кәсіпкерлер үшін МӘМС-ке тұрақты түрде жарна төлеу маңызды. Себебі бұл сапалы медициналық көмек алуға мүмкіндік беретін мәртебені сақтауға сенімді мұрагерді түсіреді. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры 2025 жылы жарналарды қолайлы дұрыс әрі ыңғайлы төлеу керектігін түсіндіргі.



ҚАНША ЖӘНЕ ҚАЛАЙ ТӨЛЕУ КЕРЕК?

Жеке кәсіпкерлер және жеке практикамен айналысатын тұлғалар басқа әлеуметтік аударымдармен бірге тұрақты жарна төлейді. Ол ең төменгі жалақының 1,4 еселенген мөлшерінің 5%-ын құрайды, яғни 2025 жылы – 5 950 теңге. Егер жалдамалы жұмысшылар болса, олар үшін қосымша төлем жасау қажет. Жұмыс беруші тарапынан олардың табысының 3%-ы (бірақ 25 500 теңгеден аспайды) және қызметкерлердің өздерінен 2% (17 000 теңгеге дейін) ұстайды.

Егер кәсіпкер жалдамалы жұмыс істесе, ол жарналарды жеке кәсіпкер және қызметкер ретінде де төлеуі тиіс.

Кейбір санаттар жарналардан босатылған. Атап айтар болсақ, қызметі тоқтатылған жеке кәсіпкерлер, мүгедектер, зейнеткерлер, көпбалалы аналар және күндізгі оқу бөлімінде оқитын студенттер.

Белсенді жеке кәсіпкерлікпен айналысатын декреттегі әйелдер қызметін тоқтатпаған жағдайда жарналарды төлеу керек.

НЕЛІКТЕН УАҚЫТЫНДА ТӨЛЕУ МАҢЫЗДЫ?

Жарналарды ай сайын немесе бірнеше айға алдын ала төлеуге болады. Төлемнің мерзімі кешіктірілсе қарыз бен өсімпұл қосылып, азамат

МӘМС жүйесіндегі мәртебесін жоғалтады.

«Жарналарды уақытылы және міндетті түрде төлеу — баршаның сапалы медициналық көмек алуына кепілдік береді. Жеке кәсіпкерлер төгін емделу құқығын сақтау үшін осыны естен шығармауы тиіс», — дейді Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының ресми өкілі Забира Оразалиева.

Бұдан бөлек жеке кәсіпкер жеке клиникаларда емделсе де, төлем жасаудан бас тартуға болмайды. Себебі МӘМС мемлекеттік және жекеменшік мекемелердегі қызметтерді де қамтиды. Егер жеке кәсіпкер қызметін тоқтатса, ол кәсіпкер ретінде төлеуін тоқтатып, жарналарды өз еркімен немесе жұмыс беруші арқылы төлеп, сақтандыру мәртебесін сақтап қала алады.

Төлемдерді (жарналар мен аударымдар) банктер, мобильді қосымшалар және «Қазпошта» АҚ кассалары арқылы 122 және 121 кодтарымен төлеуге болады. Осы ретте ЖСН, толық аты-жөні және сомасын дұрыс көрсеткен абзап.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы



Талдықорған қалалық ардагерлер кеңесінің
ұйымдастыруымен ұлы ақын, ұлт ойшылы
Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына орай
«ӨЛЕҢ СӨЗДІҢ ПАТШАСЫ»
ардагер ақындар арасында өтетін қалалық байқаудың
ЕРЕЖЕСІ

Өтетін күні 27 тамыз 2025 жыл

I. Байқаудың мақсаты:

- Ұлы ойшыл, ағартушы хакім Абайдың мұрасын, шығармашылығын өлең-жыр арқылы дәріптей отырып насихаттау;

- Халық арасында көрінбей жүрген талантты ардагерлерді қатарымызға молынан тартып белсенділіктерін арттыру;

- Ақынның шығармалары арқылы мәдени дәстүрлерімізді жаңғырту, насихаттау және ұлттық болмысымызды нығайту.

II. Байқаудың шарттары мен

өткізілу тәртібі:

- Тамыз айының 25-не дейін ақындар жазған өлеңдерін ардагерлер үйіне, әдістеме бөліміне өткізу керек. Әділқазылар алқасына

авторлардың аты-жөні берілмейді, олар жазылған өлеңдерді бағалайды;

- Бұл байқауға қаламы төселген белгілі ақындар қатыспайды. Байқаудың негізгі мақсаты қаламыздағы танылмай жүрген талант иелерін анықтау және жүлдегерлерді марапаттау.

III. Байқаудың қазылар алқасы:

- Қазылар алқасының құрамы кеңес мүшелерінің ұсынысымен ардагерлер кеңесі төрағасының басшысымен бекітіледі.

- Қазылар алқасының шешімі талқылауға қайта қарауға жатпайды.

- Қазылар алқасының төрағасы байқауда тең ұпай жинаған қатысушыларға қосымша 1 ұпай қосуға құқылы.

IV. Байқауға қатысқан жеңімпаздар мен жүлдегерлер дипломмен, ақшалай сертификатпен марапатталады.

Ұйымдастыру алқасы байқауға қатысу туралы өтініштерді 2025 жылдың 25 тамызына дейін төмендегі мекенжайға электронды пошта және байланыс телефондары арқылы да қабылдайды.

Мекенжайы: Талдықорған қаласы, Абай көшесі 252 үй.

Байланыс телефоны: 8 701 623

33 57, 8 775 840 46 22 (ватсап).

Қабылдау бөлімі: 8 (7282) 24-08-22.

Эл. почта: tdk.ardager@mail.ru.

Тамыздың 25 күні қазылар алқасының отырысы.

Тамыздың 27 күні қорытынды жиын және жүлдегерлерді марапаттау.

15
тамыз



Басталуы:
18:00



"Абай мұрасы —
халық қазынасы"

атты Абай Құнанбайұлының
180 жылдығына арналған
әдеби-музыкалық кеш

Өтетін орны: Қаратал жағажай аумағы

**ҚҰРМЕТТІ ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ
ТҮРҒЫНДАРЫ МЕН ҚАЛА ҚОНАҚТАРЫ!**

Кеш барысында Абай Құнанбайұлының даналыққа толы қара сөздері, жүрек тербер лирикалық өлеңдері оқылады. Қазақ руханиятының жауһары саналатын Абай әндері шырқалады. Қалалық өнерпаздар, жергілікті шығармашылық ұжымдар әсерлі концерттік бағдарлама ұсынады. Сонымен қатар, көрмелер мен тақырыптық бұрыштар ұйымдастырылып, Абай мұрасына арналған көркем-әдеби композициялар көпшілік назарына ұсынылады. Сондай-ақ, кеш аясында Абай өмірі мен шығармашылығына арналған танымдық викториналық ойын өткізіледі.

Көрермендерге Абайдың өмір жолы, шығармалары, нақыл сөздері жайлы қызықты сұрақ-жауаптар қойылып, дұрыс жауап берген қатысушыларға естелік сыйлықтар табысталатын болады.

Шара соңында көрермендерге «Құнанбай» көркемфильмі ұсынылады. Ашық аспан астында рухани ләззат алуға, Абай әлеміне бірге бойлауға шақырамыз!

**ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА КОММУНАЛДЫҚ
КӘСІПОРЫН ТАРАПЫНАН ЖІБЕРІЛГЕН
МОНОПОЛИЯҒА ҚАРСЫ ЗАҢНАМАНЫ БҰЗУ
ДЕРЕГІ ЖОЙЫЛДЫ**

ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті шаруашылық жүргізу құқығындағы аудандық коммуналдық кәсіпорын «Панфилов Су құбыры» тарапынан бәсекелестік туралы заңнаманы бұзылғанын анықтады.

Жұмыс барысында анықталғандай, кәсіпорынның жарғысына монополияға қарсы органмен келісілмеген қызмет түрлері енгізілген, бұл Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 192-бабының талаптарына қайшы келеді.

Қарау нәтижелері бойынша Департамент бұзушылықты жою туралы нұсқама берді. Бүгінгі күні кәсіпорын бұл нұсқаманы толық көлемде орындады.

АНЫҚТАМА ҮШІН: мемлекеттік кәсіпорындардың қызмет түрлерін кеңейту тек бәсекелестікті қорғау және дамыту саласындағы уәкілетті органмен келісу арқылы жүзеге асырылады.

**ПАНФИЛОВ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМДІГІ
МОНОПОЛИЯҒА ҚАРСЫ ЗАҢНАМАНЫ
БҰЗҒАН - БҰЗУ ДЕРЕГІ ЖОЙЫЛДЫ**

ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті Панфилов ауданы әкімдігінің бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнаманы бұзғанын анықтады.

Анықталғандай, аудан әкімдігі мемлекеттік кәсіпорынның жарғысының жаңа редакциясын бекітіп, оған монополияға қарсы органмен келісілмеген қызмет түрлерін қосқан. Бұл әрекет Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 192-бабына қайшы келеді.

Қарау нәтижелері бойынша Департамент бұзушылықты жою туралы нұсқама берді. Қазіргі таңда бұл нұсқама орындалып, бұзушылық жойылды.

АНЫҚТАМА ҮШІН: мемлекеттік кәсіпорындарды құру, олардың қызмет түрлерін кеңейту немесе өзгерту кезделген құқықтық актілер жобалары бәсекелестікті қорғау және дамыту саласындағы уәкілетті органмен міндетті түрде келісуге жатады.

Құттықтаймыз!

Мемлекеттік қызметтің ардагері, Ақсу және Ескелді аудандарының Құрметті азаматы, Аманат партиясы жанындағы ардагерлер қауымдастығының облыстық кеңесінің төрағасы, Талдықорған қалалық Қоғамдық кеңесінің мүшесі –

Мейірман Тілеуберлінов
75 жасқа толып отыр.



**Мейірман
Тілеуберліновтың
75 жасқа толуына
арналған бильярд
спортынан
Талдықорған
қаласының ашық
турниры!**



16 ТАМЫЗ
2025

**ҚАТЫСУ
63 жастан жоғары
БАСТАЛУЫ: 10:00**

**"Аристократ"
бильярд клубы**

**БАС ТӨРЕШІ: ШАЛҚЫБАЕВ АХМЕТСАПА
ТОЛЫҚ АҚПАРАТ АЛУ ҮШІН: 8 705 207 6359**

СПОРТ

ӘСКЕРИЛЕР АРАСЫНДАҒЫ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ

14-15 тамыз аралығында Қазақстанның елордасы тарихи оқиғаның орталығына айналады – мұнда алғаш рет Халықаралық әскери спорт кеңесінің (CISM) қолдауымен әскери қызметшілер арасындағы «Қазақ күресі» бойынша Әлем чемпионаты өтеді. Бұл кеңес – әлемдегі ең ірі көпсалалы спорт ұйымдарының бірі.

Чемпионатты ҚР Қорғаныс министрлігі Спорт комитеті– Армия орталық спорт клубы және ҚР Туризм және спорт министрлігі ұйымдастырады. Додаға Пәкістан, Біріккен Араб Әмірліктері, Тунис, Ресей, Италия, Түркия, Марокко, Молдова, Үндістан, Қырғызстан, Қазақстан, Моңғолия, Қытай, Бразилия, Тайланд, Өзбекстан, Тәжікстан, Камерун, Гана, Эфиопия, Венесуэла, Иран сынды елдердің әскери салада қызмет ететін балуандары күреседі. Бұл ұлттық спорт түрінің халықаралық аренада кеңінен танылып келе жатқанын көрсетеді. Чем-



пионат қазақ күресінің әлемдік спорт картасында дамуы мен ілгерілеуіндегі маңызды қадам болмақ. «Әскери қызметшілер арасындағы қазақ күресінен CISM Әлем чемпионаты іс шараның аясында қазақ күресінің аясында географиялық ауқымы кеңейе түседі. Келешекте CISM ойындарына «Қазақ күресі» бағдарламасына енгізілу бойынша жұмыстар қарқынды түрде жүргізіліп жатыр» – деді Qazaq Kuresi Ассоциациясының бас директоры Дамир Бекбосынов.

Өз тілшіміз

МЕНШІК ИЕСІ: «ТАЛДЫҚОРҒАН ТАҢЫ» ЖШС



**ДИРЕКТОР - БАС РЕДАКТОР
НҰРШАНОВА
ГҮЛЖАНАТ МЫРЗАЛЫҚЫЗЫ**

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы
Телефондар: Жауапты хатшы 40-11-02
E-mail: taldyk@bk.ru

Газет аптасына бір рет - жұма күні шығады.
ОСЫ ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ - 5 050 дана.
Талпырыс №828 Индекс 65771

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Ж. Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

● Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, №15702-Г куәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №712.11.02.1992.

● Қазақ және орыс тіліндегі қоғамдық-саяси, әлеуметтік - экономикалық апталғы.

● «Талдықорған» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі.

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

● Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

● «Талдықорған» газетінде жарияланған материалды өзге басылым рұқсатсыз пайдаланбайды.

● Газетке басылатын материалдар аптаның әр бейсенбісінде сағат 12:00-ге дейін қабылданады.

● Газет «Алматы-Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.

● Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 32 үй.